

«Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына»

Мақсаты: Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата-анасын сыйлай білетін азамат тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын арттыру.

Күні: 08.09.2023ж

Өтетін орны: мәжіліс залы

Қатысушылар: Әжелер, класс жетекшілер, 5ә,6а,6в класс оқушылары

Ән: «Әкем мен анам» орындайтын 8в класс оқушысы Асқар Ерасыл

Фонфар

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ақ жаулықты әжелер, ұстаздар, оқушылар! Қыркүйек айында тойланатын ерекше мейрамдардың бірі отбасы күні құтты болсын!

Адамның адами болмысы мен асыл қасиеттері отбасында қалыптасады. Отбасында алған үлгі - өнеге, тәлім - тәрбие арқылы ғана еліне, жеріне, Отанға деген сүйіспеншілік сезім орнығады. Ал отбасындағы басты құндылық ұлттық тәрбие деуге болады. Сол ұлттық тәрбиенің дәнін себуші жандардың бірі – әжелер екені даусыз.

Жүргізуші: Жиналыппыз сәтті күн бәрімізде
Үлкен — кіші жасымыз кәрімізде
Төрлетіндер қадірлі қонақтарым
Гүл — гүл жайнап мына біздің төрімізге.

Ақ ниетімен, ақ батасымен айналасын арайландырған, жүрегі махаббат пен шапағаттан жаралған әже атты абзал жан – өнегелі өмірдің сыны мен сыры жайлы шұрайлы шежіре шертетін тірі тарих. Олай болса бүгінгі біздің төрімізге келіп отырған ақ жаулықты әжелерімізді сіздерге таныстырып өтейін:

1. 5ә класс оқушысы Сырым Айымның әжесі Диярова Күнімсұлу

2.6в класының оқушысы Берікұлы Бекзаттың әжесі Ақшолақова Маржан

Бүгінгі шарамызға қош келдіңіздер!

Жүргізуші: әже тәрбиелеген бала сөздің қадірін біледі, орнымен сөйлеп, сөзді тауып, нықтап айтады. Немересін баласынан ыстық көретін ата - әжелеріміз бұрындары кішкентай қарадомалақтарын бір елі қастарынан тастамайтын. Бала үнемі үлкендермен бірге жүріп, олардың өнегелі әңгімелерін, тарихтан шерткен сырларын, ән - жырларын, шежірелерін тындап өседі. Осындай әже өнегесінен тәрбие алып өсіп келе жатқан жас жеткіншектер яғни кішкентай немерелеріңіздің дайындаған өнеріне назар салыңыздар!

Ән « Қазақ осы » орындайтын ба кл оқушысы Жақсығалиев Ерасыл

Жүргізуші:

Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра.

Нағыз қазақ – қазақ емес, Нағыз қазақ – Домбыра!

Күй: « Балбырауын» орындайтын ба кл оқушысы Сагиданова Амина

Сұрақ:

1. «Балам - балым, баламның баласы – жаным» деген жақсы сөз бар осы сөз мағынасын қалай түсінесіз?
2. Қазіргі уақытта немере тәрбиесінде ата - әжелер үлесі қандай?
3. Әжелеріміз балаларын еркелеткенде «ботам», «ботақаным», «бота көзім», «қоңыр қозым», «құлыншағым» деуші еді. Бүгінде «лапочка моя», «зайчонок», «котенок», «мышка» деп мысыққа да, күшікке де теңей саламыз. Бұл да рухани, ұлттық сананың құлдырауының бір сипаты сынды.
- Немерелеріңізді қалай еркелетесіздер?
Ән: « Менің әкем » орындайтын Асқар Ерасыл

Жүргізуші:

Ғасыр деген арман жасқа толығың
Өріс болып, жайлау болып оң-солыңыз
Ұрпақтардың ортасында құтты қарт
Аталатын бақытты да көріңіз.

Тілегі мен ақ ниеті ұштасқан асыл әжелеріміз бүгінгі алдарыңызда отырған жас буын бүлдіршіндерге деген ізгі тілектеріңіз бен баталарыңызды берсеңіздер!

Жүргізуші:

Балаларыңызға берген баталарыңыз қабыл болсын. өмірлеріңіз ұзақ, дендеріңіз сау болып, бала-шаға, немере-шөбере қызығына тоймай, әр күндеріңіз шаттыққа толы болсын, - деп тілек білдіреміз. Бүгінгі кешімізге келгендеріңізге көп рахмет. Шуақты күндерде кездескенше, аман сау болыңыздар!

Анықтама

Тақырыбы Парламент сайлауына үміткерлерден өтініш қабылдау

Қатысқандар: Мектеп ұстаздары, білім алушылары

Мақсаты: Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, Білім мен өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет-ғұрп, салт-санасын қастерлейтін, еңбекқор да, салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әділетті, қайсар тұлғаны өзін-өзі басқарту арқылы қалыптастыру.

Қыркүйек айында «Парламен»Өзін –өзі басқару ұйымының Президентіне үміткерлерді анықтау үшін хабарландыру айтылды. Хабарландыру барысында жан-жақты, ұйымдастырушылық қабілеті бар, өзіне сенімді, көшбасшылық қасиеті бар дарынды, пысық оқушыларды өз кандидатурасын ұсынуға шақырылды.

Оқушылардың өзін-өзі басқаруы – бұл мектеп оқушыларының өзін-өзі басқаруға қатысу формасы, ол оқушылардың мұғалімдер құрамымен және мектеп басшылығымен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудағы мәселелерді шешуге қатысуын қарастырады.

Мектептердің оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы қызметінің негізгі мақсаты: оқушылардың мектептерді басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар, шешім қабылдауға қабілетті, жауапты және тәртіпті, өз бетінше таңдау жасауға дайын және Мектепте белсенді өмірлік ұстанымға ие тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.





Құрметті ұстаздар, оқушылар!

**2023-2024 оқу жылының Мектеп
Парламенті өзін-өзі басқару ұйымының
Президенті сайлауына үміткерлерден
сұраныс қабылданады!
Белсенді болайық!!!**

«Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының Президентін ұлықтау рәсіміне арналған салтанатты жиынның анықтамасы


Мақсаты: Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

Өтілетін орны: Мәжіліс залы

Уақыты: 6-қараша

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, ұстаздар, оқушылар!

06.11.2023 жылы мектебімізде “Парламент” өзін-өзі басқару ұйымының Президенті және бөлім басшыларын тағайындау және ант беру салтанатты жиыны ұйымдастырылды. Біртұтас тәрбие бағдарламасының “Ұлттық мүдде”, “Ар-ұят” құндылықтарын білім алушылар бойына сіңірілуіне зор ықпалы бар мектепшілік жиын барысында мектептің ішкі тәртібі, құқықбұзушылықтың алдын алу, мектеп формасын сақтау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, мектеп абыройын асқақтатып, спорт, білім жағынан жоғары жетістікке жеткен білім алушылар марапатталды.







4 ҚАЗАН
«ПАРЛАМЕНТ»
өзін-өзі басқару ұйымының
МЕКТЕП ПРЕЗИДЕНТІ сайлауы




МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқушы (мектеп) өзін-өзі басқарудың бірыңғай моделі



ПАРЛАМЕНТ ҚҰРЫЛЫМЫ





4 ҚАЗАН
«ПАРЛАМЕНТ»
өзін-өзі басқару ұйымының
МЕКТЕП ПРЕЗИДЕНТІ
сайлауы

Анықтама

Тақырыбы: “Парламент” өзін - өзі басқару ұйымының Президентін сайлау рәсімі

Күні: 04.10.2023


Қатысқандар: Мектеп ұстаздары, білім алушылары

Мақсаты: Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, Білім мен өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет-ғұрп, салт-санасын қастерлейтін, еңбекқор да, салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әділетті, қайсар тұлғаны өзін-өзі басқарту арқылы қалыптастыру.

04.10.2023 жылы мектепшілік “Парламент” өзін - өзі басқару ұйымының Президентін сайлау рәсімі ұйымдастырылды. Сайлауға түскен үміткерлер:

- ✓ Дарханулы Алишер 11”А” класс оқушысы
- ✓ Асқарқызы Ақнұр 11”Б” класс оқушысы
- ✓ Жолмырзин Арзат 10”А” класс оқушысы
- ✓ Жанабай Аяулым 10”Ә” класс оқушысы
- ✓ Ақберген Мария 10”Б” класс оқушысы.





№30 мектеп бойынша өзін-өзі басқару ұйымы «Президентіне» үміткерлер
сайлауы

Хаттама

Қатысқан барлық сайлаушылар: 566

Барлық берілген дауыстар саны: 566


Жарамсыз дауыс саны: 14

1. Дарханулы Алишер : 184 дауыс
2. Асқарқызы Ақнұр : 162 дауыс
3. Жолмырзин Арзат : 110 дауыс
4. Жаңабай Аяулым : 57 дауыс
5. Ақберген Мария : 39 дауыс

Комиссия төрағасы:

Комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:



М.Мукатова

А.Жұбатқанова



А.Тажобаева



С.Сауытбай



Н.Кұрал



А.Нұрланқызы

Н.Тлеубаева



04.09.2023 жыл

«Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының Президентін ұлықтау рәсіміне арналған салтанатты жиынның бағдарламасы

Барысы:

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар мен оқушылар!

Жүргізуші: бүгін «Қазақстан ұландары ертеңінің» тақырыбындағы мектеп президентін және бөлім басшыларын ұлықтау рәсімін ашық деп жариялаймыз.

Жүргізуші: **Оқушылар тік тұрындар! ҚР Мемлекетгіе Туы кіргізілсін!**

(Ту кіреді. Гимн ойналады)

Жүргізуші: 2023 жылдың 18-25 қыркүйек күндері «Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының Президентіне үміткер 5 оқушы:

11 А класс оқушысы Дарханулы Алишер

11Б класс оқушысы Асқарова Ақнұр

10А класс оқушысы Жолмырзин Арзат

10Ә класс оқушысы Жаңабай Аяулым

10Б класс оқушысы Ақберген Мария сайлау алды үгіт насихаттарын жүргізді. 25 қыркүйек күні үміткерлер мектеп оқушыларымен ашық кездесіп, өз бағдарламаларымен таныстырды. 4 қазан күні мектебіміздің 5-11 класс оқушылары және ұстаздарының дауыс беруімен Президент сайлауы ұйымдастырылды. Сайлау нәтижесінде мектеп президенті лауазымына, атап айтсақ 184 дауыс жинаған 11 «А» класс оқушысы Дарханулы Алишер сайланды.

Жүргізуші: Олай болса, Парламент өзін өзі басқару ұйымының Президенті Дарханулы Алишерді құрметпен ортаға шақырайық!

Жүргізуші: Сайлау қорытындысы бойынша жоғары дауыс жинаған 4 үміткер өзін-өзі басқару ұйымының құрамына енді.

Жүргізуші: Олардың барлығы жаңа идеяларын ұсынып, өз бағдарламалары мен жобаларын дамытып жетілдіре білді.

Жүргізуші: Олай болса, Парламент өзін өзі басқару ұйымының басшыларын ортаға шақырып, құрметпен қарсы алайық!

Жолмырзин Арзат дебат фракциясы

Мукадинов Алихан спорт фракциясы

Аққали Қайрат құқық және тәртіп фракциясы

Нұрболқызы Нұрлана өзін-өзі тану фракциясы

Төлепова Айерин мәдениет фракциясы

Жаңабай Аяулым Қамқорлық фракциясы

Аронова Арай экология фракциясы

Аманбай Нұрайым Ақпарат фракциясы

БЕЛСЕНДІЛЕР ОРТАҒА ШАҚЫРЫЛАДЫ

Жүргізуші: Құттықтау сөз мектеп директорының орынбасары Мукатова Мирагуль Мирғалиқызына беріледі.

Жүргізуші: Парламент өзін –өзі басқару ұйымының Президенті Дарханулы Алишердің салтанатты түрде АНТ қабылдауына рұқсат етіңіздер!

Президенттен кейін бөлім басшылары ант береді хормен.

Жүргізуші: Мектебіміздің Президенті мен Көшбасшыларымыз алдағы уақытта мектеп өмірін жандандырып көркейтеді деген сенімдеміз.

Жүргізуші: **Оқушылар тік тұрындар! Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы шығарылсын!**

Жүргізуші: Парламент өзін өзі басқару ұйымының Президентін, бөлім басшыларын ұлықтау рәсіміне арналған салтанатты жиынды жабық деп жариялаймыз.

1-ЖҮРГІЗУШІ: Куанышты күндерде кездескенше сау саламатта болыңыздар!!!

«Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының Президентін ұлықтау рәсіміне арналған салтанатты жиынның анықтамасы

Мақсаты: Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

Өтілетін орны: Мәжіліс залы

Уақыты: 6-қараша

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, ұстаздар, оқушылар!

06.11.2023 жылы мектебімізде “Парламент” өзін-өзі басқару ұйымының Президенті және бөлім басшыларын тағайындау және ант беру салтанатты жиыны ұйымдастырылды. Біртұтас тәрбие бағдарламасының “Ұлттық мүдде”, “Ар-ұят” құндылықтарын білім алушылар бойына сіңірілуіне зор ықпалы бар мектепішілік жиын барысында мектептің ішкі тәртібі, құқықбұзушылықтың алдын алу, мектеп формасын сақтау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, мектеп абыройын асқақтатып, спорт, білім жағынан жоғары жетістікке жеткен білім алушылар марапатталды.

Тәлімгер: Жұбатқанова А.М

Мектепішілік жиын

Мектебімізде II кезең білім алушылары үшін мектепішілік жиын ұйымдастырылды. Біртұтас тәрбие бағдарламасының “Ұлттық мүдде”, “Ар-ұят” құндылықтарын білім алушылар бойына сіңірілуіне зор ықпалы бар мектепішілік ЖИЫН барысында мектептің ішкі тәртібі, құқықбұзушылықтың алдын алу, мектеп формасын сақтау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, мектеп абыройын асқақтатып математика пәні бойынша “Алтын сақа” олимпиадасынан жүлделі орын иеленген және спорт бойынша жоғары жетістікке жеткен білім алушылар марапатталды.



Мектепшілік ЖИЫН



«Парламент» өзін-өзі басқару ұйымы басшыларына арналған отырыс

17.11.2023 жылы мектебімізде “Парламент” өзін - өзі басқару ұйымының Президенті Дарханұлы Алишердің басшылығымен Парламент фракция басшыларына арналған кезекті отырысы ұйымдастырылды.

Отырыс барысында қаралған негізгі мәселелер:

1. Бөлім басшыларының қызметі
2. Әр фракцияның іс-шараларға белсенді қатысуы
3. Алдағы ұйымдастырылатын іс-шараларды талқылау



ЗАҚ ХАЛҚЫ - ТАРИХ ҚОЙНАУЫНДА



Informational text and graphics on a wall, including a map and a large illustration of a landscape with a bird in flight.



Мектеп Парламенті отырысы



Жалпы ПАРЛАМЕНТ дегеніміз не

Мектеп парламенті бұл оқушылардың өз еркімен біріккен ұйымы. Мектеп аясында мәдени іс-шаралар мен ағамдарымыздың жатқан істерді шешуге бағына түседі.



Мектеп Парламенті отырысы



Анықтама

Тақырыбы: «Алтын күз» көрме-байқауы

Күні: 17-20.10.2023ж

Қатысқандар: 1-4 класс оқушылары

Мақсаты: Балаларға қолдан жасалған көрме арқылы логикалық ойларын дамыту. Керек емес құралдар арқылы балалардың қолдарынан келген көрмелер жасау. Өздерінің жасаған көрмелерін балаларға көрсетіп қызығушылықтарын арттыру. Балалардың көрмеге деген қызығушылығын арттыру.

Күз мерекесіне орай мектебімізде бастауыш класс оқушыларының қатысуымен “Алтын күз” күзгі өнімдер мен бұйымдардан жасалған көрме ұйымдастырылды.







«Күз ханшайымы-2023» 5-6 класс оқушылары арасындағы
арулар сайысы сценарийі

Орыны: мәжіліс залы

Уақыты: 26.10.2023ж

Фонфары

1-жүргізуші: Армысыздар, құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар!
Берекелі Алтын күз құтты болсын!

2-жүргізуші:

Жиылған қауым, армысыздар, бәріңіз,
Келіп жетті алтын дәнді сары Күз.
Бірге болып қуанышта бәріңіз,
Бізбен бірге шаттық әнін салыңыз.

1-жүргізуші:

Күз- мереке, Күз- ырыстың белгісі,
Қайтып барад мекеніне жыл құсы.
Әнге ұласып, жырға ұласып даламыз,
Шат-шадыман халқымыздың тұрмысы.

2-жүргізуші: Қасиетті Күз мезгілінің бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Күз дегеніміз-
байлық, молшылық. Күзде күн суытып, барлық жан жануарлар, жәндіктер қысқы ұйқыға
кетеді. Егін жиналады.. Құстар жылы жаққа ұшады. Жапырақтар сарғайып, жерге түседі
емес пе?

1-жүргізуші: Иә, мен бұл мезгілді Күз деп айтар едім. Өйткені жер беті сарғайған
жапырақтарды жамылып, алтын түске боялды. Құрметті көрермендер 5-6 класс арулары
арасында ұйымдастырылған “Күз ханшайымы-2023” сайысына қош келдіңіздер! Сайысқа
катысушы аруларымызбен таныс болыңыздар:

5а класс аруы

5б класс аруы

5в класс аруы

5г класс аруы

6а класс аруы

6ә класс аруы

6б класс аруы

6в класс аруы

6г класс аруы

2- жүргізуші:

Әділқазы, алқасына бір сәлем.

Әділдікке бас иеді күллі әлем

Жүйрік озар сайыстарда неше бір

Сарапқа сай әділдікпен шеше біл... дей келе бүгінгісайысымызға қазылық жасайтын
әділқазыларалқасымен таныс болыңыздар!

1

2

3

1-жүргізуші: Құрметті әділқазылар алқасы оқу мәнеріне, мән- мағынасына, сөйлеу шеберлігіне, Күзгі киіміне, жүріс-тұрысы тәртібіне де қарап отырыңыздар, бағалауға бұл да кіреді.

2-жүргізуші: Осы сайысымыздың бағдарламасымен таныс болыңыздар.

1-Таныстыру (Арулар өздерін таныстырып өтеді)

2- Өз өнері

4-Сән үлгісі (Өз шығармашылықтарынан)

1-жүргізуші:

Құрметті көпшілік көрерменім

Жақсылыққа әрдайым артқан сенім

Ақжол тілеп үкілі үміттерге

Таныстыру шартына кезек бердім.

Ендеше бірінші шартымыз. Арулардың өздерін таныстыруы.

5а класс аруы

5б класс аруы

5в класс аруы

5г класс аруы

6а класс аруы

6ә класс аруы

6б класс аруы

6в класс аруы

6г класс аруы

(Әділқазылар алқасынан Аруларымыздың бағасын сұрасақ.)

2-жүргізуші:

Ал, кімнің өнері бар қаншалықты,

Би билеп, ал біреуі ән салыпты.

Бүгінгі сайыста бәйге алуға,

Үміткерлер, аянбай-ақ жан салыпты.

Келесі сайысымыз «өз өнері»

5а класс аруы

5б класс аруы

5в класс аруы

5г класс аруы

6а класс аруы

6ә класс аруы

6б класс аруы

6в класс аруы

6г класс аруы

Әділқазылар алқасынан аруларымыздың бағасын сұрасақ.

1-жүргізуші: Аруларымыздың өнерлеріне рахмет айта отырып, келесі кезеңімізге өтейік.

2-жүргізуші: Бүгінгі кеш өз мәнімен
Әр сұлу әсем болар өз жанымен
Өз қолынан шығарған киім үлгісін
Сіздерге көрсетеді өз сәнімен- дей келе келесі сайысымыз
Сән үлгісіне кезек берейік.
Алдарыңызда 5а класс аруының сән үлгісі
5б класс аруының туындысын тамашалаңыздар
5в класс аруы
5г класс аруы
6а класс аруы
6ә класс аруы
6б класс аруы
6в класс аруы
6г класс аруы

2-жүргізуші: Құрметті көрермендер «Күз ханшайымы2023» кешін қорытындылау үшін сөз кезегін Әділқазылар алқасына береміз.

1-жүргізуші:
Бүгінгі “Күз ханшайымы2023” байқауына қатысқан барлық аруларға шексіз алғыс білдіреміз.
Жеңістер мен жеңілістен тұратын,
Өмір күрес, жеткізе ме мұратын
Жеңбедім, жеңілдім деп ренжімегін,
Қатысу да бір жеңіс, болса егер ұғатын.
Келешекте әлі талай сайыстар бар,
Өнерлерің шыңдалсын қалыспаңдар.
Өнерлілер көбейсін күннен-күнге,
Өмір күрес әлі талай жарыстырар...сонымен «Күз ханшайымы2023» арулар сайысы өз мәресіне жетті.

1-жүргізуші: Тамашалағандарыңызға рахмет, сау-саламатта болыңыздар!

Анықтама

Тақырыбы: «Күз ханшайымы-2023» 5-6 класс оқушылары арасындағы арулар сайысы

Күні: 23.10.2023ж

Қатысқандар: 5-6 класс оқушылары

Мақсаты Мектебімізде өткізіліп жатқан «Алтын күз» мерекесіне ұйымшылдықпен қатыса отырып, күз-байлық, күз-береке, күз-молшылдық, күз-шаттық, күз-қуаныш екеніні оқушы санасына жеткізу. Өздеріне ерік бере отырып, ауызбіршілікке, ынтымақтастыққа баулу.

Мектебімізде “Арайлы алтын күз” мерекесі қарсаңында 5-6 класс арулары арасында “Күз ханшайымы-2023” байқауы ұйымдастырылды.

Сайысқа қатысушы арулар

-Таныстыру

-Өз өнері

-Күзгі сән үлгісі бойынша бақтарын сынады. Сайыс қорытындысы бойынша 6”В” класс оқушысы Жақсығали Әдеміау “Күз ханшайымы-2023” жеңімпазы атанды. 6 “В” класс оқушыларын және класс жетекшісі Нрумова Кундыз Батыржановна



«Күз ханзадасы мен ханшайымы-2023» 7-8 класс оқушылары арасындағы
арулар сайысы сценарийі

Орыны: мәжіліс залы

Уақыты: 26.10.2023ж

Фонфары

1-жүргізуші: Армысыздар, құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар!
Берекелі Алтын күз құтты болсын!

2-жүргізуші:

Жиылған қауым, армысыздар, бәріңіз,
Келіп жетті алтын дәнді сары Күз.
Бірге болып қуанышта бәріңіз,
Бізбен бірге шаттық әнін салыңыз.

1-жүргізуші:

Күз- мереке, Күз- ырыстың белгісі,
Қайтып барад мекеніне жыл құсы.
Әнге ұласып, жырға ұласып даламыз,
Шат-шадыман халқымыздың тұрмысы.

2-жүргізуші: Қасиетті Күз мезгілін бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Күз - байлық, молшылық. Күзде күн суытып, барлық жан жануарлар, жәндіктер қысқы ұйқыға кетеді. Егін жиналады. Құстар жылы жаққа ұшады. Жапырақтар сарғайып, жерге түседі емес пе?

1-жүргізуші: Иә, дұрыс айтасың Нұрайым! Мен бұл мезгілді Күз деп айтар едім. Өйткені жер беті сарғайған жапырақтарды жамылып, алтын түске боялды. Құрметті көрермендер 7-8 кластар арасында ұйымдастырылғалы отырған “Күз ханзадасы мен ханшайымы-2023 ” сайысына қош келдіңіздер! Сайысқа қатысушылармен таныс болыңыздар:

7а класс

7ә класс

7б класс

7в класс

8а класс

8ә класс

8б класс

8в класс

2- жүргізуші:

Әділқазы, алқасына бір сәлем.

Әділдікке бас иеді күллі әлем

Жүйрік озар сайыстарда неше бір

Сарапқа сай әділдікпен шеше біл... дей келе бүгінгі сайысымызға қазылық жасайтын әділқазы алқасымен таныс болыңыздар!

1. **Мукатова Мирагуль Миргалиевна** – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2. **Таникулова Айым Оңғарқызы**- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3. **Балмұханова Ботакөз Табиғатқызы** – музыка пәні мұғалімі
4. **Каракулова Алия** -Жас Ұлан балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ұланбасы орынбасары

1-жүргізуші: “Күз ханзадасы мен ханшайымы-2023 ” сайысымыздың бағдарламасымен таныс болыңыздар.

- 1- Кезең Таныстыру
- 2- Кезең Өз өнері
- 3- Кезең Сән үлгісі

2-жүргізуші:

Ендеше сайысқа қатысушыларымыздың өздерін таныстыруға кезек берейік.

Алдарыңызда 7а класы жұбы

7ә класс

7б класс

7в класс

8а класс

8ә класс

8б класс

8в класс

(Әділқазылар алқасынан сайысқа қатысушыларымыздың бағасын сұрасақ.)

2-жүргізуші:

Ал, кімнің өнері бар қаншалықты,

Би билеп, ал біреуі ән салыпты.

Бүгінгі сайыста бәйге алуға,

Үміткерлер, аянбай-ақ жан салыпты.

Келесі сайысымыз «өз өнері»

Алдарыңызда 7а класы жұбы

7ә класс

7б класс

7в класс

8а класс

8ә класс

8б класс

8в класс

Әділқазылар алқасынан сайысқа қатысушыларымыздың бағасын сұрасақ

1-жүргізуші: Сайысқа қатысушыларымыздың өнерлеріне рахмет айта отырып, келесі кезеңімізге өтейік.

2-жүргізуші:Бүгінгі кеш өтеді өз мәнімен

Әр жұбымыз әсем болар өз жанымен

Өз қолынан шығарған киім үлгісін

Сіздерге көрсетеді өз сәнімен- дей келе келесі сайысымыз Сән үлгісіне кезек берейік.

Алдарыңызда 7а класының сән үлгісі

7ә класс

7б класс

7в класс

8а класс

8ә класс

8б класс

8в класс

2-жүргізуші: Құрметті көрермендер «Күз ханзадасы мен ханшайымы-2023» кешін қорытындылау үшін сөз кезегін Әділқазылар алқасына береміз.

1-жүргізуші:

Бүгінгі “Күз ханзадасы мен ханшайымы-2023 ” байқауында Бас жүлде иеленген _____ құттықтаймыз!

Осымен “Күз ханзадасы мен ханшайымы-2023 ” сайысы өз мәресіне жетті.

2-жүргізуші: Тамашалағандарыңызға рахмет, сау-саламатта болыңыздар!

Анықтама

Тақырыбы: «Күзгі жұп2023» 7-8 класс оқушылары арасындағы сайысы

Күні: 24.10.2023ж

Қатысқандар: 7-8 класс оқушылары

Мақсаты Мектебімізде өткізіліп жатқан «Алтын күз» мерекесіне ұйымшылдықпен қатыса отырып, күз-байлық, күз-береке, күз-молшылдық, күз-шаттық, күз-қуаныш екеніні оқушы санасына жеткізу. Өздеріне ерік бере отырып, ауызбіршілікке, ынтымақтастыққа баулу.


Мектебімізде “Арайлы алтын күз” мерекесі қарсаңында 7-8класс оқушылары арасында “Күз ханзадасы мен ханшайымы-2023” байқауы ұйымдастырылды.


Сайысқа қатысушылар

-Таныстыру

-Өз өнері

-Күзгі сән үлгісі бойынша бақтарын сынады. Сайыс қорытындысы бойынша 7 “Б” класс оқушылары бас жүлдеге ие болды.







«Арайлы алтын күз» тақырыбында күзгі бал кешіне арналған мерекелік іс-шара сценарийі.

Кештің мақсаты: оқушылардың ұйымшылдығын, қызығушылығын, арттыру, ой-өрісін кеңейту. Табиғат сұлулығын сезіне білуге, оны аялай білуге тәрбиелеу.

Жүргізушілердің шығуы

1- жүргізуші: Уа, халайық, халайық!

2-жүргізуші: Мұнда назар салайық!

3- жүргізуші: Мерекесі халықтың

4-жүргізуші: Алтын күзге арналған,

Барлығы: Кешімізді бастайық!

1- жүргізуші: Қайырлы күн, қымбатты ұстаздар мен оқушылар! Бүгінгі біздің мектебімізде өткелі отырған «Арайлы алтын күз» атты күзгі бал кешіне қош келдіңіздер!

Берекелі, мерекелі алтын күз құтты болсын.

2-жүргізуші: Қасиетті күз мезгілінің бір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Күз– жазира даланың дархан дастарханы. Күз – байлық, молшылық.

3- жүргізуші:

Қош келдіңіз көрермен,

«Күзгі балдың» кешіне.

Отырыңыз қол соғып,

Шат күлкіге бөлене.

4-жүргізуші:

Көбейді құт – береке,

Астық толы қоймамыз.

Құтты болсын мереке,

«Алтын күзді» тойлаймыз.

1- жүргізуші: Ендеше, бүгінгі алтын күзге қатысушы жұптарымызды ортаға шақырайық!

Алдарыңызда **9а** класы

2- жүргізуші: **9ә** класы

3- жүргізуші: **9б** класы

4- жүргізуші: **10а** класы

1- жүргізуші: **10ә** класы

2- жүргізуші: **10б** класы

3- жүргізуші: **11а** класы

4- жүргізуші: **11ә** класы

1- жүргізуші: **11б** класы

3- жүргізуші:

Күз мейрамы құтты болсын баршаға,

Күздің сәні келіп қапты ортаға.

Әділқазы алқасымен таныстырып,

Кетейінші осы отырған баршаға.

Бүгінгі сайысымыздың әділқазы алқаларымен таныс болыңыздар

4- жүргізуші:

1. Мукатова Мирагуль Мирғалиевна-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

2. Таникулова Айым Оңғарқызы-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

1-жүргізуші: Жарайсыздар! Ендеше 2- кезеңі бойынша әділқазы алқаларынан жұптарымыздың бағасын сұраймыз!

(1-2-3-4 жүргізуші КЕЗЕК КЕЗЕК оқиды.)

1-жүргізуші: Бүгінгі кеш өтеді өз мәнімен

Әр жұбымыз әсем болар өз жанымен

Өз қолынан шығарған киім үлгісін

Сіздерге көрсетеді өз сәнімен- дей келе келесі сайысымыз Сән үлгісіне кезек берейік.

Алдарыңызда 11а класының сән үлгісі

2-жүргізуші: 11ә класс жұбы

3-жүргізуші: 11б класс жұбы

4-жүргізуші: 10а класс жұбы

1-жүргізуші: 10ә кл жұбы

2-жүргізуші: 10б класс жұбы

3-жүргізуші: 9а кл жұбы

4-жүргізуші: 9ә кл жұбы

1-жүргізуші: 9б кл жұбы.

(асықпай айту керек, кластарды шақырғанда.)

Жүргізуші: Әділқазы алқалары өз шешімін шығарғанша Парламент ұйымының дайындаған қызықты ойынына кезек берейік! Қызықты ойын өрнегін көрсеткен жеңімпаздарымызға сыйлықтары бар!

(Ойын ойнатылады)

2-жүргізуші: Құрметті көрермендер бүгінгі алтын күз кешін қорытындылау үшін сөз кезегін Әділқазылар алқасына береміз. Ортаға шығуларыңыз сұралады.

1-жүргізуші:

Бүгінгі “алтын күз ” байқауында Бас жүлде иеленіп «Күз ханзадасы және ханайымы» атанған
құттықтаймыз!

Осымен “Алтын күз ” мерекеміз өз мәресіне жетті.

2-жүргізуші: Тамашалағандарыңызға рахмет, сау-саламатта болыңыздар!

3.

4.

1- жүргізуші: Нұрайым! Алихан мен Аяулым бүгінгі жұптарымызға әділ баға беретін әділқазылар алқасымен таныстырса біз бүгінгі сайыстың кезеңдерімен таныстырып өтсек

2- жүргізуші: Дұрыс айтасың, Арзат! Бүгінгі сайысқа қатысушы жұптарымызға сәттілік тілей отырып, сайыс кезеңдеріне кезек берейік:

1-кезең Таныстыру. Берілген 3 минут ішінде әр жұп өздерін таныстырып өтуі тиіс

2-кезең Күзгі вальс. Оқушы мәдениетіне сай, сахна мәдениеті сақталған би иірімін көрсету

3-кезең Күзгі сән. Күз байлығын көрсету мақсатында өз қолдарымен жасалған киім үлгісін ұсыну

Сайысқа қатысушыларымызды сахна сыртына шығарып салайық!

(1-2 жүргізуші сахна сыртына кетеді)

3-жүргізуші: Сайысымыздың ең қызықты кезеңіне де келіп жеттік. 1-Кезең таныстыру бөліміне кезек береміз. Бірінші болып бастайтын, 11А кл жұбы

4-жүргізуші: 11ә класс жұбы

3-жүргізуші: 11б класс жұбы

4-жүргізуші: 10а класс жұбы

3-жүргізуші: 10ә кл жұбы

4-жүргізуші: 10б класс жұбы

3-жүргізуші: 9а кл жұбы

4-жүргізуші: 9ә кл жұбы

3-жүргізуші: 9б кл жұбы

1-2 жүргізушілер ортаға шығады

1-жүргізуші: Жарайсыздар! Ендеше таныстыру кезеңі бойынша әділқазы алқаларынан жұптарымыздың бағасын сұраймыз!

1-2-жүргізуші КЕЗЕК КЕЗЕК оқиды. Болғаннан кейін сахнадан кетеді

3-4 жүргізушілер ортаға шығады.

3-жүргізуші: Сайысқа қатысушыларымызға рахмет айта отырып, келесі кезеңімізге өтейік.

4-жүргізуші: Ал, кімнің өнері бар қаншалықты,

Би билеп, ал біреуі ән салыпты.

Бүгінгі сайыста бәйге алуға,

Үміткерлер, аянбай-ақ жан салыпты.

3-жүргізуші: Бүгінгі кешіміздің сәніне айналған Күзгі әсем вальсқа кезек береміз.

Бірінші болып бастайтын, 11А кл жұбы

4-жүргізуші: 11ә класс жұбы

3-жүргізуші: 11б класс жұбы

4-жүргізуші: 10а класс жұбы

3-жүргізуші: 10ә кл жұбы

4-жүргізуші: 10б класс жұбы

3-жүргізуші: 9а кл жұбы

4-жүргізуші: 9ә кл жұбы

3-жүргізуші: 9б кл жұбы

(1-2 жүргізушілер ортаға шығады.)


Анықтама


Тақырыбы: «Күзгі жүп2023» 9-11 класс оқушылары арасындағы сайысы

Күні: 25.10.2023ж

Қатысқандар: 9-11 класс оқушылары

Мақсаты Мектебімізде өткізіліп жатқан «Алтын күз» мерекесіне ұйымшылдықпен қатыса отырып, күз-байлық, күз-береке, күз-молшылдық, күз-шаттық, күз-қуаныш екеніні оқушы санасына жеткізу. Өздеріне ерік бере отырып, ауызбіршілікке, ынтымақтастыққа баулу.





Анықтама

Тақырыбы: қалалық “Ең үздік математик” зияткерлік байқауы

Күні: 30.10.2023ж

Қатысқандар: 3 класс оқушылары

Мақсаты: Оқушыларды ойлана білуге, тапсырмаларды тиянақты, тыңғылықты орындауға баулу, әділ шешім айтуға, бірлікке ынтымақтастыққа, әдептілікке тәрбиелеу.

Мектебімізде Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығына арналған 3 класс оқушылары арасында дәстүрлі өтетін қалалық “Ең үздік математик” зияткерлік байқауының мектепшілік кезеңі ұйымдастырылды. Байқау нәтижесі бойынша Мереке Азамат 3”А” класс оқушысы І орын, Абишев Досхан 3 “Ә” класс оқушысы ІІ орын, Атахан Айым 3 “А” класс оқушысы ІІ орын, Қадыров Санжар 3 “Ә” класс оқушысы ІІ орын, Асқар Сырғалым 3”А” класс оқушысы ІІІ орын, Женис Нұрғиса 3”А” класс оқушысы ІІІ орын, Жасан Ислам 3”Ә” класс оқушысы ІІІ орын, Бөкенбай Әли 3”Ә” класс оқушысы ІІІ орын, Әбілғазы Алуа 3”Б” класс оқушысы ІІІ орын, Иса Сұлтан 3”В” класс оқушысы ІІІ орын, Ерти Мухаммад 3”Б” класс оқушысы Алғыс хат, Аманжол Нұрай 3”А” класс оқушысы Алғыс хат, Тұрали Ермек 3”Б” класс оқушысы Алғыс хат, Мырзабаев Арман 3”Б” класс оқушысы Алғыс хат, Смаилов Амир 3”В” класс оқушысы Алғыс хат, Нұржігітқызы Кәусар 3”В” класс оқушысы Алғыс хат, Қанатов Бекзат 3”В” класс оқушысы Алғыс хат
✓І орын иегері 3”А” класс оқушысы Мереке Азаматқа қалалық кезеңге жолдама алды!





Махамбет Өтемісұлының 220 жылдығына арналған 3 класс оқушылары арасындағы қалалық зияткерлік байқауының мектепшілік кезеңі

Оқушының аты-жөні:

Класы:

1. Баған түрінде жазып, есепте.

$$46+24 \quad 300+200 \quad 700-400$$

$$89-35 \quad 450+256 \quad 1000-452$$

$$76+23 \quad 400-200 \quad 500+100$$

$$94-24 \quad 325+134 \quad 1000-763$$

2. Есепті шығар.

Асханаға 83 кг сәбіз, ал одан 16 кг артық қызылша әкелінді. Асханаға барлығы қанша килограмм көкөніс әкелінді?

3. Теңдеулерді шеш.

$$700-x=178+212$$

$$a+125=471-68$$

$$865-x=210+235$$

$$a+164=785-152$$

4. Есепті шығар

Дүкенге 64 кг алма, ал одан 23 кг артық алмұрт әкелінді. Дүкенге барлығы қанша килограмм жеміс әкелінді?

5. Логикалық тапсырма.

Балабақшада Ақнұр, Бақыт, Айжан, Нұрлан және Жанат болды. Олардың әрқайсысында бір жұптан қолғап болса, оларда барлығы неше қолғап бар?

6. Фигура сызып, периметрін тап.

Тіктөртбұрыштың қабырғалары 8 см және 4 см.

Оның периметрін тап.

7. Фигураның периметрін тап.

Тіктөртбұрыштың қабырғалары 7 см және 3 см.

Оның периметрін тап.